

**Мемлекеттердің Айды және басқа да аспан денелерін қоса ғарыш кеңістігін зерттеу және пайдалану жөніндегі қызметінің принциптері туралы шартқа Қазақстан Республикасының қосылуы туралы**

Қазақстан Республикасының Заңы 1997 жылғы 15 мамыр N 104

1967 жылғы 27 қаңтарда Мәскеу, Вашингтон және Лондон қалаларында қол қойылған Мемлекеттердің Айды және басқа да аспан денелерін қоса ғарыш кеңістігін зерттеу және пайдалану жөніндегі қызметінің принциптері туралы шартқа Қазақстан Республикасы қосылсын

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Президенті*

**Мемлекеттердің Айды және басқа да аспан денелерін қоса алғанда, ғарыш кеңістігін зерттеу және пайдалану жөніндегі қызметінің принциптері туралы шарт**

*(1998 жылғы 11 маусымда күшіне енді - ҚР СИМ-нің ресми сайты)*

Осы Шартқа қатысушы мемлекеттер, адамның ғарышқа енуі нәтижесінде адамзаттың алдында ашылған ұлы перспективалармен рухнатып, бүкіл адамзаттың ғарыш кеңістігін бейбіт мақсатта зерттеу мен пайдалану прогресіне ортақ мүдделілігін мойындап, ғарыш кеңістігін зерттеу мен пайдалану экономикалық немесе ғылыми даму дәрежесіне қарамастан, бүкіл халықтың игілігіне бағытталуы керек екенін ойлап, ғарыш кеңістігін бейбіт мақсатта зерттеу мен пайдаланудың ғылыми, сол сияқты әрі заңдық та аспектілерінде халықаралық ынтымақтастықтың кеңінен дамуына жәрдемдесуді қалап,

осындай ынтымақтастық мемлекеттер және халықтар арасындағы өзара түсіністіктің дамуына және достық қатынастардың нығаюына жәрдемдеседі деп ойлап,

"Мемлекеттердің ғарыш кеңістігін зерттеу және пайдалану жөніндегі қызметінің құқықтық принциптерінің Декларациясы" деп аталған, Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы 1963 жылғы 13 желтоқсанда бірауыздан қабылдаған 1962 (XVIII) қарарды еске ала отырып,

мемлекеттерді Жер айналасындағы орбитаға ядролық қару немесе халықты жаппай қырып-жоятын қарудың кез келген түрі бар кез келген объектіні шығарудан немесе аспан денелеріне осындай қару орнатудан тартынуға шақыратын, Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы 1963 жылғы 17 қазанда бірауыздан қабылдаған 1884 (XVIII) қарарын еске ала отырып,

бейбітшілікке қауіп төндіруді, бейбітшілікті бұзуды, немесе агрессия актіні тудыру немесе күшейту мақсаты бар немесе оны жасауға қабілетті насихатты айыптайтын, Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы 1947 жылғы 3 қарашадағы 110 (11) қарарын назарға алып және аталған қарар ғарыш кеңістігіне қолданылымды деп санап, мемлекеттердің ғарыш кеңістігін, Айды және басқа да аспан денелерін қоса алғанда, зерттеу және пайдалану жөніндегі қызметінің принциптері туралы шарт Біріккен Ұлттар Ұйымы Жарғысының мақсаттары мен принциптерін жүзеге асыруға жәрдемдеседі деген сенімде болып, төмендегі туралы келісті:

## **I бап**

Айды және басқа аспан денелерін қоса алғанда, ғарыш кеңістігін зерттеу және пайдалану олардың экономикалық және ғылыми даму дәрежесіне қарамастан, барлық елдің мүддесі және игілігі үшін жүзеге асырылады және бүкіл адамзаттың игілігі болып т а б ы л а д ы .

Айды және басқа аспан денелерін қоса алғанда, ғарыш кеңістігі, барлық мемлекеттермен ешқандай да кемсітусіз, теңдік негізінде және халықаралық құқыққа сәйкес, аспан денелерінің барлық аудандарына еркін жетіп зерттеу мен пайдалануға а ш ы қ .

Айды және басқа аспан денелерін қоса алғанда, ғарыш кеңістігі, ғылыми зерттеулер үшін ашық және мемлекеттер осындай зерттеулердегі халықаралық ынтымақтастыққа жәрдемдеседі және қолдайды.

## **II бап**

Айды және басқа аспан денелерін қоса алғанда, ғарыш кеңістігі, оларға егемендік жариялау жолымен де, пайдалану немесе басып алу жолымен де немесе кез келген басқа құралдармен де ұлттық иеленуге жатпайды.

## **III бап**

Шартқа қатысушы мемлекеттер ғарыш кеңістігін, соның ішінде айды және басқа аспан денелерін, зерттеу мен пайдалану жөніндегі қызметтерін халықаралық құқыққа, Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысын қоса, сәйкес және халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті қуаттау және халықаралық ынтымақтастық пен өзара түсіністікті дамыту мүддесінде жүзеге асырады.

## **IV бап**

Шартқа қатысушы мемлекеттер Жер айналысындағы орбитаға ядролық қару немесе халықты жаппай қырып-жоятын қарудың кез келген түрі бар объектіні шығармауға, мұндай қаруды аспан денелеріне орнатпауға және осындай қаруды ғарыш кеңістігінде ешқандай өзгеше түрде орналастырмауға міндеттенеді.

Ай және басқа аспан денелерін Шартқа қатысушы барлық мемлекеттер тек қана бейбітшілік мақсатта пайдаланады. Аспан денелерінде әскери базалар, ғимараттар мен бекіністер салуға, қарудың кез келген түрін сынауға және әскери маневрлер өткізуге тыйым салынады. Ғылыми зерттеулер үшін немесе қандай да болмасын өзге бейбітшілік мақсатта әскери қызметкерді пайдалануға тыйым салынбайды. Сондай-ақ Айды және басқа да аспан денелерін бейбіт мақсатта зерттеу үшін қажетті кез келген жабдықтарды немесе құралдарды пайдалануға тыйым салынбайды.

## **V бап**

Шартқа қатысушы мемлекеттер ғарышкерлерге адамзаттың ғарышқа жіберген елшісі ретінде қарайды және оларға авария, қасірет немесе Шартқа қатысушы басқа мемлекеттер аумағына немесе ашық теңізге шарасыздан қонған жағдайда барлық мүмкін болған көмекті көрсетеді. Осындай, шарасыз қонған ғарышкерлер қауіпсіздікте болуы тиіс және олардың ғарыш кемесі тізілімге тіркелген мемлекетке шұғыл түрде қ а й т а р ы л у ы к е р е к .

Ғарыш кеңістігінде, соның ішінде және басқа да аспан денелерінде қызметті жүзеге асырғанда, Шартқа қатысушы мемлекеттің біреуінің ғарышкерлері басқа Шартқа қатысушы мемлекеттің ғарышкерлеріне мүмкіндігінше көмек көрсетеді.

Шартқа қатысушы мемлекеттер Айды және басқа да аспан денелерін қоса алғанда, ғарыш кеңістігінде, ғарышкерлердің өміріне немесе денсаулығына қауіп төндіруі мүмкін өздері байқаған құбылыстар туралы Шарттың басқа қатысушы мемлекеттеріне немесе Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысына дереу хабарлайды.

## **VI бап**

Шартқа қатысушы мемлекеттер Айды және басқа да аспан денелерін қоса алғанда, ғарыш кеңістігіндегі, ұлттық қызметке оны үкіметтік органдардың немесе үкіметтік емес заңды тұлғалардың жүзеге асырғанына қарамастан және ұлттық қызмет осы Шарттың ережелеріне сәйкес жүргізілуін қамтамасыз етуге халықаралық жауапкершілікте болады. Үкіметтік емес заңды тұлғалардың Айды және басқа да аспан денелерін қоса алғанда, ғарыш кеңістігіндегі қызметі шартқа тиісті қатысушы мемлекеттің рұқсатымен және оның тұрақты бақылауымен жүргізілуі тиіс. Айды және басқа да аспан денелерін қоса алғанда, ғарыш кеңістігінде халықаралық ұйым әрекет еткен жағдайда, осы Шарттың орындалуына халықаралық ұйыммен бірге оған қатысушы Шартқа қатысушы мемлекеттер де жауапкершілікте болады.

## **VII бап**

Айды және басқа да аспан денелерін қоса алғанда, ғарыш кеңістігіне объект ұшыруды жүзеге асыратын немесе ұйымдастыратын Шарттың әрбір қатысушы мемлекеті, сондай-ақ аумағынан немесе құрылысынан объектіні ұшыру жүргізілетін Шарттың әрбір қатысушы мемлекеті, Айды және басқа да аспан денелерін қоса алғанда, осы объектілер немесе олардың құрамдас бөліктері Жерде, әуе немесе ғарыш кеңістігінде Шарттың басқа қатысушы мемлекетіне, оның жеке немесе заңды тұлғасына келтірілген залал үшін халықаралық жауапкершілікте болады.

## **VIII бап**

Тізіліміне ғарыш кеңістігіне ұшырылған объект енгізілген Шартқа қатысушы мемлекет олардың ғарыш кеңістігінде, соның ішінде аспан денесінде болған уақытында осындай объектіге және осы объектінің кез келген экипажына заңдық құқық пен бақылауын сақтайды. Ғарыш кеңістігіне ұшырылған ғарыш объектісіне, аспан денесіне жеткізілген немесе сонда құрылған объектілерді қоса алғанда және олардың құрамдас бөліктеріне меншік құқығы олар ғарыш кеңістігінде немесе аспан денесінде болған уақытысында немесе Жерге оралғаннан кейін де қозғаусыз қалады. Тізіліміне енгізілген Шартқа қатысушы мемлекеттің шегінен тысқарыда табылған мұндай объектілер немесе олардың құрамдас бөліктері сол Шартқа қатысушы мемлекетке қайтарылуы тиіс; бұл ретте мұнда мемлекет талап ету бойынша айырым деректерін табыс етуі тиіс.

## **IX бап**

Шартқа қатысушы мемлекеттер Айды және басқа да аспан денелерін қоса алғанда, ғарыш кеңістігін, зерттеу және пайдалану кезінде ынтымақтастық және өзара көмек принципін басшылыққа алуы тиіс және Айды және басқа да аспан денелерін қоса алғанда, өзінің ғарыш кеңістігіндегі қызметін Шарттың басқа қатысушы мемлекеттерінің тиісті мүдделерін ескеріп жүзеге асыруы керек. Шартқа қатысушы мемлекеттер Айды және басқа да аспан денелерін қоса алғанда, ғарыш кеңістігін зерделеу мен зерттеуді оларды зиянды ластануына, сондай-ақ жерлік емес заттың әкелінуі салдарынан жер ортасының қолайсыз өзгеруіне жол бермейтіндей түрде жүзеге асырады және осы мақсатта қажет болған жағдайда тиісті шаралар қабылдайды. Егер Шарттың қандай да болмасын атысушы мемлекеті Шартқа қатысушы шартқа мемлекеттің немесе шартқа осы қатысушы мемлекеттің азаматтары жоспарлаған қызметі немесе тәжірибе жасауы Айды және басқа да аспан денелерін қоса алғанда, басқа Шартқа қатысушы мемлекеттің ғарыш кеңістігінің, Айды және басқа аспан

денелерін қоса алғанда, бейбіт мақсатта зерттеу және пайдалану ісіндегі қызметіне әлеуетті зиянды кедергі туғызады деп ойлауға негізі болса, онда ол мұндай қызметке немесе тәжірибе жасауға кіріспей тұрып тиісті халықаралық консультация өткізуге тиіс . Шартқа басқа қатысушы мемлекет ғарыш кеңістігінде, Айды және басқа да аспан денелерін қоса алғанда жоспарланған қызметі немесе ісіне әлеуетті зиянды кедергі туғызады деп ойлауға негіз бар Шартқа қатысушы мемлекет осы қызмет немесе тәжірибе жасауға қатысты халықаралық консультация өткізуді сұрай алады.

## **X бап**

Айды және басқа да аспан денелерін қоса алғанда, ғарыш кеңістігін зерттеуге және пайдалануға жәрдемдесу үшін осы Шарттың мақсаттарына сәйкес Шартқа қатысушы мемлекеттер Шарттың басқа қатысушы мемлекеттерінің олардың ұшырған ғарыш объектісінің ұшуын бақылауға мүмкіндік беру туралы өтініштерін тең негізде қарайтын б о л а д ы .

Жоғарыда аталған мүмкіндікті берудің сипаты мен жағдайы мүдделі мемлекеттер арасындағы келісім бойынша айқындалады.

## **XI бап**

Ғарыш кеңістігін бейбіт зерттеу мен пайдалануда халықаралық ынтымақтастыққа жәрдемдесу үшін Айды және басқа да аспан денелерін қоса алғанда, ғарыш кеңістігінде қызметті жүзеге асыратын Шартқа қатысушы мемлекет барынша мүмкін және практикалық жүзеге асырылымды дәрежеде Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысын , сондай-ақ жұртшылықты және халықаралық ғылыми қоғамдастықты осындай қызметтің сипаты, барысы, орындары және нәтижелері туралы хабардар етуге келіседі.

## **XII бап**

Айдағы және басқа да аспан денелеріндегі станциялар құрылғылар, жабдықтар және ғарыш кемелері шартқа басқа қатысушы мемлекеттердің өкілдеріне өзаралық негізінде ашық. Бұл өкілдер тиісті консультациялар жүргізу мен қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін және баруға жататын құрылғыдағы қалыпты операцияларға кедергі жасауды болдырмауға барынша сақтық шараларын қабылдау үшін жобаланған бару туралы күні бұрын хабарлайды.

## **XIII бап**

Осы Шарттың ережелері Шартқа қатысушы мемлекеттердің Айды және басқа да аспан денелерін қоса алғанда, ғарыш кеңістігін зерттеу және пайдалану жөніндегі қызметіне қатысты, мұндай қызмет Шартқа бір қатысушы мемлекетпен немесе басқа

мемлекеттермен бірлесіп, соның ішінде халықаралық үкіметаралық ұйым шеңберінде жүзеге асырғанына тәуелсіз қолданылады.

Халықаралық үкіметаралық ұйымның Айды және басқа да аспан денелерін қоса алғанда, ғарыш кеңістігін зерттеу және пайдалану жөніндегі қызметіне байланысты пайда болуы мүмкін практикалық мәселелерін Шартқа қатысушы мемлекеттер немесе тиісті халықаралық ұйым немесе осы Шарттың қатысушысы болып табылатын осы халықаралық ұйымның бір немесе бірнеше мүше мемлекеттері шешеді.

## **XIV бап**

1. Осы Шарт барлық мемлекеттердің қол қоюы үшін ашық. Шарт осы баптың 3-тармағына сәйкес күшіне енгенше оған қол қоймаған кез келген мемлекет оған кез келген уақытта қосыла алады.

2. Осы Шарт оған қол қойған мемлекеттердің бекітуіне жатады. Бекіту грамоталары мен қосылуы туралы құжаттар осымен депозитарий үкіметтер ретінде тағайындалған Советтік Социалистік Республикалар Одағының, Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Құрама Корольдігінің және Америка Құрама Штаттарының үкіметтеріне сақтауға өткізілуі тиіс.

3. Осы Шарт бес үкімет, осы Шарттың депозитарий үкіметі ретінде тағайындалған үкіметтерді қоса алғанда, бекіту қағаздарын сақтауға өткізгеннен кейін күшіне енеді.

4. Бекіту грамоталары немесе қосылуы туралы құжаттары осы Шарт күшіне енген соң өткізілетін мемлекеттер үшін ол олардың бекіту грамоталары немесе қосылуы туралы құжаттары сақталуға өткізілген күннен бастап күшіне енеді.

5. Депозитарий үкіметтер әрбір қол қою күні, әрбір бекіту грамотасы мен қосылуы туралы құжаттың сақтауға өткізілген күні, осы Шарттың күшіне енген күні туралы, сондай-ақ басқа да хабарландырулар туралы осы Шартқа қол қойған және оған қосылған барлық мемлекетке дереу хабарлайды.

6. Осы Шартты депозитарий үкіметтер Біріккен Ұлттар Ұйымы Жарғысының 10-бабына сәйкес тіркейді.

## **XV бап**

Шартқа кез келген қатысушы мемлекет осы Шартқа түзетулер ұсына алады. Түзетулер осы түзетулерді қабылдаушы Шарттың әр қатысушы мемлекеті үшін Шартқа қатысушы мемлекеттердің көпшілігі қабылдаған соң, ал кейін Шарттың әрбір қалған қатысушы мемлекет үшін олар осы түзетулерді қабылдаған күннен күшіне енеді.

## **XVI бап**

Шарттың қатысушы мемлекеті шарттан өзінің шығуы туралы ол күшіне енген соң бір жылдан кейін депозитарий үкіметті жазбаша хабардар ету жолымен хабарлай алады . Мұндай шығу бұл хабарлауды алған күннен бір жыл өткен соң күшіне енеді.

## **XVII бап**

Орыс, ағылшын, француз, испан және қытай мәтіндері бірдей болып табылатын осы Шарт депозитарий үкіметтердің архивіне сақтауға өткізілетін болады. Шарттың тиісті түрде куәландырылған көшірмелерін депозитарий үкіметтер Шартқа қол қойған және оған қосылған мемлекеттердің үкіметтеріне жібереді.

ОСЫНЫ КУӘЛАНДЫРУ үшін тиісті түрде осыған уәкілеттік алған қол қоюшылар о с ы Ш а р т қ а қ о л қ о й д ы .

Мың тоғыз жүз алпыс жетінші жылдың қаңтар айының 27-і күні Москва, Вашингтон және Лондон қалаларында үш данада ЖАСАЛДЫ.

Ұ л т т ы қ А э р о ғ а р ы ш А г е н т т і г і  
Бас директорының орынбасары